

**"Өтініш-декларацияны тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 429 бұйрығының күші  
жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 498 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

«Өтініш-декларацияны тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы 429 бұйрығының ( нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5359 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Қанешев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберуді ;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың жариялануын және оны мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

*Ә.Исекешев*